

## Қаратал ауылдық округінің Бұғыбай ауылында шектеу іс-шараларын белгілеу туралы

### *Күшін жойған*

Шығыс Қазақстан облысы Үржар ауданы Қаратал ауылдық округі әкімінің 2014 жылғы 30 маусымдағы N 5 шешімі. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 01 тамызда N 3430 болып тіркелді. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Үржар ауданы Қаратал ауылдық округі әкімінің 2015 жылғы 22 мамырдағы N 5 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Үржар ауданы Қаратал ауылдық округі әкімінің 22.05.2015 N 5 шешімімен.

РҚАО-ның ескертпесі.

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі "Ветеринария туралы" Заңының 10-1 бабының 7) тармақшасын басшылыққа ала отырып Үржар ауданының бас мемлекеттік ветеринариялық санитариялы инспекторының ұсынысы негізінде Қаратал ауылдық округі әкімі **ШЕШТІ**:

1. Қаратал ауылдық округінің Бұғыбай ауылында мүйізді ұсақ малдарынан бруцеллез ауруының шығуына байланысты шектеу іс-шаралары белгіленсін.
2. Қазақстан Республикасы ауыл шаруашылық Министрлігі ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Үржар аудандық аумақтық инспекциясының мемлекеттік ветеринариялық-санитарлық инспекторы М. Доскеевке шектеу іс-шараларынан туындайтын талаптардың орындалуына бақылауды қамтамасыз ету ұсынылсын.
3. Мемлекеттік коммуналдық кәсіпорынның "Үржар Вет" мал дәрігері Б. Кәріпжановқа сауықтыру іс-шараларын өткізуді ұйымдастыру ұсынылсын.
4. Осы шешімнің орындалуына бақылауды өзіме қалдырамын.
5. Шешім алғаш рет ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қаратал ауылдық округінің әкімі

Қ. Ноғажев

Келісілді:

Қазақстан Республикасы ауыл  
шаруашылық Министрлігі  
ветеринариялық бақылау және  
қадағалау комитетінің Үржар  
аудандық аумақтық инспекциясының  
мемлекеттік ветеринариялық-санитарлық

*инспекторы*

*М. Доскеев*

" 30 " маусым 2014 ж.

*Мемлекеттік коммуналдық  
кәсіпорынның "Үржар Вет"  
мал дәрігері*

*Б.Кәріпжанов*

" 30 " маусым 2014 ж.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК